

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы
халықтық педагогика көріністері



Зерттеудің негізгі мақсаты:

Мұхтар Әуезов құлашын кеңінен сілтеуге мұрсат бермеген ғұмырының ішінде қазақ ұлтын әлемге танытарлықтай төл туындысын жазғандығын, «Абай жолы» эпопеясындағы қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүр көріністерін талдау арқылы дәлелдеу

«Абай жолы» эпопеясындағы қаймағы бұзылмаған қазақы дәстүрлерді қадірлеу, осы дәстүрлердің келер ұрпақ көкірегінен мәңгілік орын алу үшін ғасырлар бойы ата-бабамыздың сақтай білген тағдырлық, тұрмыстық, имандық, таза қазақи мінез бен мәрттік сияқты ұлы қасиеттерді қармай жазғандығын таныту

Болжау:

«Абай жолы» эпопеясы бүгінгі жас ұрпақты ұлтжандылыққа, өз халқының әдет-ғұрпын сүюге тәрбиелеуде пәрменді құрал бола алатындығын дәлелдеу

Зерттеу әдісі:

1. Шығарманы оқи отырып, қазақ халқының әдет – ғұрып , салт-дәстүрлерін табу

2. Әдет-ғұрып , салт-дәстүрлерді төмендегідей бөлімдерге бөліп қарастыру:

- Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүр
- Отау көтеру дәстүрлері
- Отбасы, тұрмыс дәстүрлері
- Еңбек дәстүрлері
- Діни наным-сенімдерге байланысты дәстүрле
- Қаза ғұрыптары

Зерттеу кезеңдері:

1. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын егжей-тегжей оқып шығу
2. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт – дәстүрлерімен танысып шығу
3. Эпопеядағы қазақтың салт-дәстүрлерін табу
4. Табылған салт-дәстүрлерді күнделікке жүйелі түсіріп отыру
5. Арнайы кітапша жасақтап шығару
6. Осы кітапшаны ғаламтордан арнайы сайт ашып, төрткүл дүниеге таныту

Жұмыстың қорытындысы:


- Бүгінгідей ғылым мен техника жедел дамыған космополит заманында өскелең ұрпақтың өзінің ана тілін, әдебиетін , салт-дәстүрін , әдет – ғұрпын қадірлей де қастерлей білуге тәрбиелеу.
- Білім беру мекемелерінде өткізілетін тәрбиелік шараларда Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы халықтық педагогика көріністерін пайдалана отырып, салт-дәстүрін, әдет – ғұрпын қадірлей де қастерлей білуге тәрбиелеу.
- Өзін-өзі тану пәнінде осы мен ұсынып отырған жұмысты пайдалануға ұсыныс жасау

Қол ұстатар –



Асының артынан екі жеңге ақырын күлісіп кеп, Абай мен Ділдәнің алдына қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірін ұстаттырды.

Бесік жыры – баланы жұбату үшін айтатын жыр.



Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайлап жүр. Шыңғыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын терезенің алдында салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан басқа оң жақта, жер төсектің үстінде бала уатқан Зере бар. Тізесімен тербетіп отырғаны- үш жасар немересі. Кәрі әжесі күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады. Өте бір өзгеше, ескі жыр. Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген жыры. Бірақ кәрі әжесінің өзіндей соншалық жақын, ыстық, сүйікті жыры. Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жардың тербетуімен ұйықтайтын. Сол күндерден бір ырғағы ауыспаған, бірсөзі де өзгермеген, ана жүрегіндей айнымас жыр.




Саятшылық – құс салып,
аң аулау, ерте заманнан
келе жатқан өнер немесе
салт.

Абай інісінің өнеріне
сүйсіне түсіп:
- Рас ол – өнер. Кісі
қызығарлық өнер –
саятшылық - деді

Алтыбақан – ұлттық ойын. Ауыл жастары кешке жиылып, алтыбақан құрып, ойынсауық жасайды.


Алтыбақан теуіп тұрған Тоғжан мен Керімбала екен.



Шашу – қуаныш болғанда жасалатын дәстүр. Шашуға: кәмпит, құрт, тиын шашады. Шашуды ырымдап теріп алып балаларына апарады.

Үлкен бәйбіше: -Өмір жасың ұзақ болсын!
Алдыңнан жарылқасын қарағым! – деп шашуын шашты.





Бата – ақ тілеудің белгісі.
Кез – келген жерде айтыла
бермейтін қасиетті ұғым.

- Әкең айтпай, өзің білген болсаң,
батамды берейін деп Бөжей
Абайға: Ендігінің жүгі сенде
қалар, балам! Жолың болсын!
Әкеңнің қаттылығын бермесін! –
деп, бетін сипады.




Көрімдік – келін түскенде, сәби дүние есігін ашқанда жеңгелері жаңа түскен келіннің жүзін көрсету үшін жиылған қонақтан көрімдік, яғни сый сұраған. Қонақтар келіннің жүзін көру үшін ақшалай немесе заттай сый берген.

- Ал, шешелер, көрімдік!
-Көрімдік кәні
-Болмаса, балаларынды көрсетпейміз, беті ұялады –деп, алғашқы келген келіншектер, күлген бойларында,шымылдықтың шетін ұстады.
- Алыңдар! Көрімдік сендердікі!
Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар!-деп бәйбіше тіл қатты. Сол кезде екі жақтағы келіншек атлас шымылдықты шалқайта ашты. Күйеулер бұл төмен иіліп, тәжім қып тұр екен.

Шаш сипатар -



Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. Жаңағы Абайды мысқылдаған ашық жеңге сол шаш сипарды Ұлжаннан бір сыбаға ғып алған екен.



Қонақасы – сыйлы қонаққа берілетін ас. Қонақасыға шақырылған адамдарға – мал сойылып, үлкен дастархан жайылады. Қонақасыға шақырылған адамдар ішіндегі ақсақалдан бата алады.

Қонақасыға әрқашан аса мырза аталған Сүйіндік үйі бүгін де етті кемістіріп асқан екен. Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтынды сары үлдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Жалғыз сұр емес, сары ала қып асқан екен. Қыс бойы бодаққа байлаған, жаңа да сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар. Бапты қып жемек болған семіз қойды да жай сойғызбай, үйіткізіп алыпты. Жас ет, үйіткен қойдың еті болғанда, мына табаққа, тағы да өзгеше дәм бітіріп нәр береді.

Етік тартар




Абай үйге кірді. Шымылдық түсірілді, төсек әзір тұр. Жеңге Ділдәні кіргізбей тұрып, Абайды өзі шешіп еді. Жеңгесі оны іліп келіп, дәл мәсіні шешерде, ырымды ескертті. Етік тартар дейтін бір алым тағы ақы алады. Абайдың қолтасына шешесі салып берген ақша бар-ды. Ішінен аса ыңғайсызданып отырып, Абай сол ақшаны жеңгеге тастады.

Баталасу – дегеніміз ертеде құда түскен және қыз берген жақ нан сындарып серттескен, уәделескен, баталасқан. Баталасу жігіт жақтың айнып, ойынан тайқымауы үшін жасалатын дәстүр. “Уәде – құдайдың сөзі”. Серттен тайқып, айныған жағдайда теріс бата берілген.

-Серт уәдеміз айтылды ғой!
- Тұр дегеніңе тұрамыз!- десіп, жапыр-жұпыр қостап алды. Абай өз ішінен: “Баталасу сияқты-ау! Бір нәрсеге ел қамдап, серттесуге шақырған-ау!” деп ойлап, жаңағы”дос” деген сөзді еске алды. Бірақ төрден босағаға шейін бұ да қарап өтіп, бір нәрсені іштей ойланып қалды.





Сауын айту – бір елде ас, үлкен той болса, ол күні бұрын жан-жаққа хабарланып, сауын айтылады

Ас беру – дүние салған ата-баба рухына бағышталған садақа.

”Ал, тілегің сол болса, қарық бол!” – деп, жылшып отыр. Бірақ, Абай қатты ойланып қалғанымен, жасыған жоқ. Аздан соң және өзі бастап, екінші бір әңгімені сұрады. Онысы Сүйіндіктің тағы бір сөзі. Өскембайға ас берген тұста айтқан сөзі еді. Сүйіндік оны да айтпақ болды.

-Мырза өз әкесі Өсеңе ас берем деп, Көкшетауға сауын айтып, қалың елді жиды ғой. Тобықтының одан үлкен асы болған жоқ.

Естіген шығарсың?

Естіп ем. Соған сіз бардыңыз ба?

-Әкеңмен ол кездеқырбай едім! Бармадым. Бірақ Айдос, Жігітектен, тіпті анау Мамай, Жуантайқтан да ел қалған жоқ-ты.

Бастаңғы – үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары жиылып ойын-сауық жасап бас қосуы.



Тоғжан үйінің үлкендері жүріп кеткен соң, құрбылары жиылып бастаңғы істеп жатыр.



Ұшық – бұл адамның желден, қолайсыз иістен немесе өзіне ұнамаған тамақтан ұшынуы. Бұрын ата – әжелеріміз күн батарда күнге талас бір жерден үшке айырылып жатқан жолдың жиегіне ауырған адамға жер ұшық айтып емдеген.

Әжесі:

-Немене, қарағым? Ұшындың ба әлде, - деп бірдеңені білгісі келіп еді, Ұлжан:

-Ұшынған ғой, тимейік. Жатып ұйықтап тұрсың, -деп, малшы қатын Қатшаны шақырып ап:

-Түңлікті жауып, есікті түріп қойшы! Абайға күн түспейін! – деп ақырын айтты.